

Фильтрлі, фильтрсіз сигареттерге, папиростарға, сигариллаларға және қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 22 ақпандағы № 196 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 ақпанда № 26923 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.03.2022 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 31.03.2022 № 346 (01.04.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабы 2-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 20 (жиырма) фильтрлі, фильтрсіз сигаретке, папиростарға, сигариллаларға және қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға:

1) 2025 жылғы 15 шілдеден бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін тоғыз жүз жиырма теңге:

2) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап тоғыз жүз жетпіс теңге мөлшерінде ең төменгі бөлшек сауда бағалары белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.06.2025 № 332 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2022 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

